ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты
«Көлік техникасы» кафедрасы

Құрал А. Т

Қағаз кесетін машинаның бүйір пышақтарын ағымды жөндеудің технологиялық бөлімін жасау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В072200 – Полиграфия

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Көлік техникасы» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
КТ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. д-ры, профессор
_____ С. А. Машеков
«23» 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Қағаз кесетін машинаның бүйір пышақтарын ағымды жөндеудің технологиялық бөлімін жасау»

5В072200 – Полиграфия

Орындаған: Құрал А. Т

Ғылыми жетекші
физ-мат. ғыл. канд., қауым. профессор
_____ Б. А. Байтимбетова
«23» 05 2019 ж.

Алматы 2019

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Көлік техникасы» кафедрасы

5В072200 – «Полиграфия»

БЕКІТЕМІН
КТ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. д-ры, профессор
С. А. Машеков
«11» 11 2018 ж.

Дипломдық жобаға орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: *Құрал Ақулым Төреханқызы*
Тақырыбы: *Қағаз кесетін машинаның бүйір пышақтарын ағымды жөндеудің технологиялық бөлімін жасау*
Университет басшысының *№1252-б «06» қараша 2018 ж. бұйрығымен бекітілген*
Анықталған жобаны тапсыру мерзімі *«24» мамыр 2019 жылы*
Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері *Диплом алдындағы практиканың есептері*
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:
а) Жөндеудің технологиялық бөлімі; қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі; экономикалық бөлім;
Сызба материалдарының тізімі:
а) Машинаның жалпы көрінісі; б) Операциялық эскиздер; в)Механизмді жөндеудің экономикалық көрсеткіштері
Ұсынылатын негізгі әдебиет: *Қасенұлы А., Белгашев И.Т., Полиграфия жабдықтарын орнату, техникалық күту және жөндеу. Оқу құралы – Алматы:Кірісу, 2008 ж. 160 б.*

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кенесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Технологиялық бөлім	15.01.19 – 01.03.19	
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	01.03.19 – 20.03.19	
Экономикалық бөлім	26.03.19 – 30.04.19	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кенесшілері мен
ереже бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтанбалары

Бөлімдер атауы	Кенесшілер аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Экономикалық бөлім	Б. А. Байтимбетова физ-мат. ғыл. канд., қауым. профессор		
Ереже бақылау	Ж. Ж. Толыбаева лектор, КТ кафедрасы		

Ғылыми жетекшісі _____ Б. А. Байтимбетова

Тапсырманы орындауға білім алушы _____ А. Т. Құрал

Күні *«15» қараша 2018 ж.*

АҢДАТПА

Дипломдық жобада – Қағаз кесетін машинаның бүйір пышақтарын ағымды жөндеуінің технологиялық бөлімі жобаланған.

Дипломдық жоба келесі бөлімдерден тұрады:

- технологиялық бөлім;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау;
- экономикалық бөлім;
- сызбалық бөлім.

Технологиялық бөлімге моделі TRIM STAR 80 үш пышақты кесу машиналары ағымды жөндеуінің процестері кіреді. Бөлімде басылымның технологиялық сұлбасы, негізгі механизмдерінің жұмыс істеу қағидасы, механизм бөлшектерінің ақауын анықтау, тез желінетін бөлшектің техникалық сипаттамасы, жөндеу әдісін таңдау процесі, механизмнің өңдеу есептемелері және шығындары көрсетіліп, нақтыланған.

Дипломдық жобаның түсіндірме жазбасы 37 беттен, 6 кестеден және 5 суреттен тұрады.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімінде жұмысшылардың еңбек жағдайының қауіпсіздігі және денсаулық мәселелерімен оларды шешу жолдары қарастырылған.

Экономикалық бөлімінде өндірістік қор, жұмысшылардың жалақысы, материалдар мен электрэнергиялық шығындар есептеулері келтірілген.

Дипломдық жобаның графикалық бөлімі сызулармен көрсетілген:

- машинаның жалпы көрінісі;
- машинаның кинематикалық және құрастыру сызбасы;
- тез желінетін механизмнің жұмыстық сызбасы;
- механизмнің операциялық эскиздері;
- жөндеу механикалық цехтың жалпы көрінісі;
- техника-экономикалық көрсеткіштер.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте-технологическая часть текущего ремонта боковых ножей бумажно-режущей машины.

Дипломный проект состоит из следующих разделов:

- технологический отдел;
- безопасности и охраны труда;
- экономический отдел;
- графическая часть.

В технологический раздел входят процессы текущего ремонта трех ножевых режущих машин модель TRIM STAR 80. Также рассмотрены технологическая схема издания, основные принципы работы механизма, определены дефекты деталей механизма, технические характеристики часто ломающихся деталей механизма, процесс и расчеты ремонта механизма.

Пояснительная записка дипломного проекта состоит из 37 страниц, 6 таблиц и 5 рисунков.

В разделе охраны труда рассмотрены вопросы безопасности условий труда рабочего персонала, а также их решения.

В экономической части приведены расчеты изготовления и ремонта детали механизма подавателя, стоимости и экономической эффективности производства, выпуска продукции.

Графическая часть дипломного проекта предаставлена чертежами:

- общая схема комбинированной фальцевальной машины;
- кинематическая и сборочная схема машины;
- рабочий чертеж часто ломающихся деталей механизма барабана;
- операционные эскизы механизма;
- общая схема ремонтно-механического цеха;
- техника-экономические показатели.

THE SUMMARY

In the diploma project-the technological part of the current repair of the side knives of the paper-cutting machine.

The diploma project consists of the following sections:

- technological department;
- safety and labor protection;
- economic department;
- the grafical part.

The technological section includes the processes of current repair of three-legged cutting machines model TRIM STAR 80. Also considered are the technological scheme of the publication, the basic principles of the mechanism, the defects in the details of the mechanism, the technical characteristics of the often broken parts of the mechanism, the process and the calculations of the repair mechanism.

Explanatory note of the diploma project consists of 37 pages, 6 tables and 5 figures.

In the section on labor protection, the issues of safety of working conditions of working personnel, as well as their solutions, are considered.

In the economic part, calculations are made for the manufacture and repair of the details of the feeder mechanism, the cost and economic efficiency of production, and the output of products.

Graphical part of the diploma project is presented by drawings:

- the general scheme of the combined folding machine;
- kinematic and assembly diagram of the machine;
- working drawing of often breaking parts of the mechanism of the drum;
- operational sketches of the mechanism;
- the general scheme of the repair and mechanical shop;
- technical and economic indicators.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе		9
1	Технологиялық бөлім	10
1.1	Машина TRIM STAR үш пышақты кесу машинасы	10
1.2	Пышақ механизімдерінің құрылу ерекшеліктері	11
1.3	Негізгі механизімдерді бөлшектеу технологиясы	15
1.4	Негізгі механизм ақауларын анықтау	16
1.5	Машинаның механизімін жөндеу	18
1.6.	Машинаның механизмін жөндеудің есептері	19
2	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	26
2.1	Техникалық шаралар	26
2.1.1	Жарықтандырудың нормалары мен жасанды жарықты есептеу	26
2.1.2	Өрт қауіпсіздігі	27
3	Экономикалық бөлім	28
3.1	Өндірістік жабдық	28
3.2	Жабдықтардың электрэнергия шығыны	29
3.2.1	Материялдардың, энергиялардың, құралдардың және айла-бұйымның шығынын есептеу	29
3.3	Өнеркәсіп-өндірістік жұмысшылардың санын есептеу	31
Қорытынды		36
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі		37

КІРІСПЕ

Жинақталған кітапшалар мен кітап топтамаларын түбінен тігіліп, желімденіп, кептірілгеннен кейін, оларды мұқабалау үшін үш жағынан кесілуі керек. Сондай-ақ, тігілгеннен кейін жұқа тыспен тысталған кітапшалар, журналдар, дәптерлер, жұқа тысты кітаптар да үш жағынан кесіледі. Бұл технологиялық операцияны арнайы үш пышақты кесу машиналарында атқарады.

Шағын баспаханаларда кітап топтамалары мен кітапшаларды үш жағынан кесу процесін бір пышақты кесу машиналарында да атқаруға болады. Бұл операцияны оңайлату үшін затлда (топтаманы пышақ астына жылжыту тірегі) үш сатылы тірегіш қолданылады: топтаманың төменгі жағынан, бас жағынан және алдынан кесу процесін атқару үшін. Бірақта бұл жағдайда жұмыс өнімділігі өте шамалы, топтаманы кесу дәлдігі төмен және жұмысшының жарақаттану қауіптілігі артады.

Ірі полиграфия кәсіпорындарында шағын көлемді кітап топтамалары, кітапшалар блок өңдеу агрегаттары мен салып жинақтап тігу агрегаттарының арнайы үш жағынан кесу секцияларында реттеліп кесіледі. Барлық үш жағынан кесу машиналарын айналмалы столмен жабдықталған бір пышақты машиналарға, бір позициялы үш пышақты және кітапшалар мен кітаптарды бір-бірлеп екі позицияда кесетін машиналар түріне бөлуге болады.

Шағын полиграфия кәсіпорындарына арналған, айналмалы столмен жабдықталған бір пышақты кесу машиналары шет ел фирмаларында шығарылады; ТМД елдерінде ондай машиналар қолданылмайды. Олардың конструкциялық құрылымы үш пышақты машиналарға қарағанда өте қарапайым, көлемі шағын келеді.

Өнімді қаттап (бірнеше блокты) кесу орнына қолмен береді. Әр кесу процесінен кейін стол автоматты түрде 90°-қа бұрылады. Бастырыққа қысым беру гидравликалық жетекті механизммен атқарылады. Қатталған кітап блоктары үш жағынан машинаның үш кинематикалық циклында кесіледі. Өнімділігі – 1минутта 5-6 қатталған блоктарды кесе алады [1].

1 Технологиялық бөлім

1.1 Машина TRIM STAR 80 үш пышақты кесу машиналары

Үш пышақты кесу машиналары өнімді үш жағынан бір позицияда немесе бірнеше позицияда кеседі. Олар операциялық, яғни бір ғана кесу операциясын атқаратын машина болады немесе бірнеше технологиялық операциялары, оның ішінде блокты үш жағынан кесу операциясында агрегаттың құрамындағы секция түрінде болады. Мұндай жағдайда олар көп операциялы кесу құрылғылары немесе кесу секциялары деп аталады.

Көп позициялы кесу машиналары «Триммер» деп аталады. Үш пышақты кесу машиналарының қағидалы технологиялық схемасы 1-суретте көрсетілген.



1 Сурет – Үш пышақты бір позициялы кесу машинасының қағидалы технологиялық схемасы

Кітап блогы топтамалары (1) итергіштен (4) реттелу орнына беріледі. Бұл жерде блоктар бас жағымен жанама тірекке (16), ал түп жағымен артық тірекке (15) теңселмелі шеткамен (5) итеріліп беріледі. Блок топтамасы

реттелгеннен кейін алдын-ала қысқышпен (2) және арнайы планкамен (13) басқарылатын серіппемен (14) қысылады.

Топтама беру құрылғысы (3) қысқышпен (2) бірге жылжып топтаманы кесу позициясына (1) жеткізеді. Бұл жерде негізгі бастырық (7) оны үстінен басып кесу процесі кезінде қысып тұрады. Ал алдын-ала қысқыш (2) босатылып блок топтамасын беру құрылғысымен (3) бірге алғашқы орнына қайтып келеді.

Кесу процесін атқару барысында жанама пышақтар (6) блок топтамасын бас жағымен төменгі жағынан кеседі, ал алдыңғы пышақ (8) оның алдынан кеседі. Жанама және алдыңғы марзандар (9 бен 10) блок топтамасының астыңғы жағына тиянақ болып оның астыңғы блогының сапалы кесілуін қамтамасыз етеді.

Кесу аймағына берілетін кезекті блок топтамасы алдында кесілген топтаманы (1) өнімді шығару тасымалдауышына (12) береді. Кесу аймағы мен тасымалдауыш арасындағы көпірше (11) кесу процесі кезінде төмен қарай бұрылып қағаз кесінділерінің арнайы құрылғыға берілуін қамтамасыз етеді. Кесілген өнімнің тасымалдауышқа берілуі кезінде көпірше (11) көлденең тұрып топтамаға (1) тиянақ болады.

Топтама беру механизмінің жүріс жолының ұзындығы (S) тұрақты болады (1-суретте). Сондықтан топтаманың кесілу өлшемін өзгерту үшін топтамабергіштің алғашқы орының (8) алдыңғы пышаққа қатысты реттеу керек, сонда топтаманың ені 1-формуламен есептеліп топтаманың биіктігі бойынша өлшемі $Ф_б$ жанама пышақтар (1) арасымен айқындалады.

$$Ф_Т = L - S; \quad (1)$$

Жанама тіректің (16) орны ұзынша оське қатысты кесу әдістері екі жағына бірдей симметриялы болуын қамтамасыз етуі керек.Өнімнің кесілу дәлдігі негізінен блок топтамасының тіректерге дұрыс реттелуіне, оның қалыңдығына және пышақтардың өткірлігіне байланысты болады. Кесу процесі кезінде машинаның пышақтары «Қылышты» қозғалыс атқарады [2].

1.2 Пышақ механизмдерінің құрылу ерекшеліктері

Бір позициялы үш пышақты кесу машиналарында жанама пышақтарға және алдыңғы пышаққа қозғалыс беретін екі атқарушы механизм бар. Жоғары салмақты пышақ ұстағыштарға бекітілген пышақтар кезек-кезегімен жоғарыдан төмен түсіп, кесу процесі атқарғаннан кейін қайта жоғары көтеріліп едәуір тоқтап тұрады.

Қазіргі кездегі үш пышақты кесу машиналарының пышақ механизмдері әдетте бір қағидалы схема бойынша құрылады, бірақ олардың атқарушы механизмдері әр түрлі кинематикалық схемалар бойынша құрылуы мүмкін.

Күрделі «Қылышты» қозғалыс атқаратын жанама және алдыңғы пышақтар кезек-кезегімен жұмыс істеуі керек. Сондықтан, олар бір жетекші бөлікпен қатаң кинематикалық байланыста болуы керек. Олардың кезекті қозғалысын, тоқтап тұруын және жұмыс істеуін қамтамасыз етуі үшін әр түрлі механизмдер, көбінесе кривошипті-рычагты немесе кезек-кезегімен айналып тұратын кривошипті-шатунды механизмдер қолданылады.



2 Сурет – Үш пышақты кесу машинасы пышақтарының кривошипті-рычагты механизмінің схемасы

Кривошипті-рычагты механизмдер (2-сурет) машинаның негізгі бөлігінде орналасқан кривошип (1) бірқалыпты айналыста болады. Кривошип жетекпен (2) екі иінді рычагта (3) жалғасады. Рычагтың (3) екінші иіні тартқыш жетек (4) арқылы алдыңғы пышаққа (5) қосылған. Сондай-ақ кривошип екінші жетекпен (11) келесі екі иінді рычагпен (10) жалғасады, ол рычагтың да екінші иіні тартқыш жетек (9) арқылы жанама пышақтардың (6) сырғымаларымен (7) жалғасады. Олардың екінші сырғымалары (8) жанама пышақтарға «Қылышты» қозғалыс береді. Кривошип (1) өз өсінде айналғанда, онымен жалғасқан рычагты жүйе кезек-кезегімен жанама пышақтарды (6), сонан соң алдыңғы пышақты (5) көтеріп төмен түсіреді. Мұнда пышақтар жоғарыда тұрғанда графикте көрсетілгендей (2-суретте, б) сәл көтеріліп төмендейді. Ол рычагты жетекші механизмнің құрылу ерекшелігіне байланысты.

Кривошипті-рычагты механизмнің негізгі кемшілігі: жасалу дәлдігі төмен болғанда және оның бөлшектерінің тозығуы барысында машинаның жұмыс істеуі нашарлап, өнім сапасы төмендейді.



3 Сурет – Үш пышақты кесу машиналарының алдыңғы және жанама пышақтары механизмдерінің кинематикалық схемасы

3-суретте негізгі білікте орналасқан жартылай тісті дөңгелектен (6) қозғалыс алатын алдыңғы және жанама пышақтардың кривошипті-шатунды жетекші механизмдерінің кинематикалық схемасы берілген. Жанама пышақтардың тұрқы (1) тісті дөңгелектегі (5) кривошиппен жетек (4) арқылы байланысқан. Пышақтар тұрқы (1) екі иінді рычагпен (11) білікке (9) бекітілген. Ол біліктің (9) мойынтірегі көлбеу бағыттауыштың бойымен қозғалатын сырғымаларда (10) орналасқан. Рычагтың (11) келесі иині екінші сырғымамен (3) қосылған. Бұл сырғымада (3) өзінің көлбеу бағыттауышының бойымен қозғалады. Бағыттауыштарының көлбеу бұрыштарының бірдей болмауы (шамамен 42° және 45°) пышақтардың «Қылышты» қозғалысын қамтамасыз етеді.

Тік бағыттауыш бойымен қозғалатын алдыңғы пышақ (8) өз жетегімен екінші тісті дөңгелектегі (7) кривошиппен жалғасқан. Екі тісті дөңгелекте (5 және 7) жетекші, жартылай тісті дөңгелектен (6) кезек-кезегімен айналымды қозғалыс алады да, алдыңғы және жанама пышақтардың төмен түсіп, жоғары көтеріліп, аялдап тұруын қамтамасыз етеді.



4 Сурет – Үш пышақты кесу машинасының алдыңғы және жанама пышақтарының жартылай тісті дөңгелекті жетекші механизмінің схемасы

Жартылайтісті дөңгелектің алдыңғы және жанама пышақтар механизміне қозғалыс беруі 4-суретте көрсетілген. Жартылайтісті дөңгелек (1) үздіксіз айналып тұратын негізгі білікте орнатылған. Дөңгелектің (1) тісі жоқ бөлігінде оған қатаң түрде бекітілген доғасы (6) және саусақшалар (3 пен 11) орналасқан. Жартылайтісті дөңгелектің (1) екі жағында O_2, O_3 өстерінде кривошиптің қызметін атқарып, алдыңғы және жанма пышақтарға қозғалыс беретін, жартылай тісті дөңгелектен кезек-кезегімен айналыс алып тұратын тісті дөңгелектер (4 және 9) жайғастырылған. Әр тісті дөңгелекке (4 және 9) доғалы, қалыптар (7,8) және эпициклонд пішінді кулисалар (2 мен 10) бекітілген.

Жартылайтісті дөңгелек (1) оңға қарай айналғанда саусақша (3) кулисаға (2) кіріп, тісті дөңгелекті (4) бұра бастайды да, оның тістерінің жартылайтісті дөңгелекпен дәлме-дәл ілінісуін қамтамасыз етеді. Тісті дөңгелек (4) айналғанда оның кривошипі жетек (5) арқылы жанама пышақтарды төмен түсіреді. Бұл кезде өзінің жетегі (12) арқылы екінші тісті дөңгелектің (9) кривошипімен жалғасқан алдыңғы пышақ жоғарыда аялдап тұрады, себебі оның тісті дөңгелегінің (9) доғалы қалыбы (8) жартылайтісті дөңгелектің тісі

жоқ бетімен (6) жанасады да, тісті дөңгелектің (9) айналуына мүмкіндік бермейді және оның тістері жетекші дөңгелектің тістерімен ілініспеген.

Жанама пышақтардың тісті дөңгелегі (4) толық бір айналғаннан кейін кулисаның (2) екінші жақ ашасымен жетекші дөңгелекке (1) қарама-қарсы келеді. Осы кезде жетекші дөңгелектегі (1) екінші саусақша (11) кулисаға еніп, тістер ілінісінің дұрыс ажырауын қамтамасыз етеді. Жетекші дөңгелектің әрі қарай айналысы кезінде саусақшаның (3) келесі тісті дөңгелектегі (9) кулисамен (10) әрекеттесуі арқылы кривошип айналып, алдыңғы пышақ төмен түсіп, жоғары көтеріледі.

Жетекші дөңгелектегі (1) бірінші саусақша (3) тісті дөңгелектердің (4 және 9) жетекші дөңгелектің тістерімен дәлме-дәл ілінісуін, ал екінші саусақша (11) олардың іліністен дұрыс шығуын қамтамасыз етеді [3].

1.3 Негізгі механизмдерді бөлшектеу технологиясы

Құрастыру − бөлшектеу жұмыстарына кірісудің алдында жөнделетін машинаның құрылымын зерделеу, тетіктер мен тораптарды бекіту ерекшеліктерін, жұмыс принциптерін білу, сондай-ақ, көрнекті сұлба түрінде бөлшектеу жоспарын құрастыру қажет. Машинаны жөндеу басталғанға дейін оны алдын ала тексеру жүргізіледі, ол кезде машинаның қабылдау-тапсыру актісімен ресімделетін техникалық күйі бағдарлы түрде анықталады, онда машинаның жалпы сипаттамасы беріледі, оның төлқұжаты, нөмірлері және бар тораптардың тізбесі көрсетіледі. Актінің аяғында техникалық тексеру нәтижесі, байқалған ақаулықтар тізбесі, машина тораптарының күйі белгіленеді, одан кейін машинаны жөндеуге тапсыратын және қабылдайтын өкілдердің қолдары келеді.

Машинаны бөлшектеу көтергіш-тасымал құралдармен, саймандармен және құрылғылармен жабдықталған, алаңда немесе верстакта (габариттері мен массасына байланысты) жүргізіледі. Бөлшектеудің жалпы ережесі мынаған келтіріледі: алдымен машинаны тораптарға, ал содан кейін әрбір тораптың өзін бағыныңқы тораптар мен тетіктерге бөлшектеу керек.

Барабанның құрастырушы бірліктері болып табылады: барабан, корпус. Бөлшектері: білік, жұлдызша, қақпақ, қақпақ, төсеуге, төлке, тығырық. Стандартты бұйымдары: бұранда, тығырық, манжета, мойынтірек.

Құрастыру келесідей орындалады: корпус білікшенің кіріс ұшына қойылады, содан кейін мойынтіректер мен манжеттер, қақпақ қолданылған, бұрандалар салынған, содан кейін жуу машинасымен және болтты бекітілген білікке бекітіледі; білікшенің шығу соңында корпус пен мойынтіректерді кигізеді, тығыздағыш қақпағы қолданылады, барлығы шайбалар мен болттармен бекітіледі [4].

1.4 Негізгі механизм ақауларын анықтау

Ақау – өнімнің нормативті құжаттамамен бекітілген талаптарға сәйкессіздігі; өнім қасиеттерінің ұйғарынсыз ауытқулары. Ақаулар өнімді өндіру кезінде, оның сапасын ұйғарынды басқаруда, сынау сатысында және эксплуатация процесінде айқындалуы мүмкін. Ақау келесідей сұрыпталады: анықтау мүмкіндігіне қарай, шығу тегіне қарай, жою мүмкіндігіне қарай, өнім сапасына әсер етуімен, таралуына қарай.

Анықтау мүмкіндігіне қарай ақаулар мынадай болуы мүмкін. Анық ақау – анықтау үшін, берілген бақылау түріне міндетті болатын нормативті құжаттамада сәйкес ережелер, әдістер мен құралдары бар ақау. Сырттай қарау арқылы өлшеу және бақылау құралдарының көмегімен бұйымдарды ажырату арқылы анықтауға болады. Жасырылған ақау – анықтау үшін, берілген бақылау түріне міндетті болатын нормативті құжаттамада сәйкес ережелер, әдістер мен құралдары жоқ ақау.

Шығу тегіне байланысты ақаулар мынадай болады. Өндірістік ақау – бұйым дайындаудың технологиялық режимінің бұзылуы салдарынан өндіріс процесінде туындайтын ақаулар. Өндірістік емес ақау өнімді өндіру процесінің аяқталуынан кейін транспорттау, сақтау, өңдеу, эксплуатациялау, тұтыну кезінде туындайды.

Жою мүмкіндігіне қарай ақаулар былай бөлінеді. Жойылатын ақаулар жойылуы техникалық және экономикалық жағынан мүмкін ақаулар. Жойылмайтын ақаулар жойылуы техникалық және экономикалық жағынан мүмкін емес ақаулар. Ақауларды зерттеу кезінде, оның мәнін, яғни ақаудың түрі, өлшемі, орналасқан жерімен анықталатын және басқа ақаулармен салыстырғандағы оның өнім сапасы деңгейіне әсерімен сипатталатын салыстырмалы шаманы, анықтау қажет.

Өнім сапасына әсер ету дәрежесіне қарай ақаулар мынадай болуы мүмкін. Критикалық ақаулар тауардың тағайындалуына сай қолданылуы мүмкін болмайтын кездегі ақаулар. Көрнекті ақаулар тауарды тағайындалуы бойынша қолдану мүмкіндігіне, оның сапасы мен эксплуатациялау ұзақтығына едәуір әсер етеді. Көрнексіз ақаулар бұйымды тағайындалуы бойынша қолдану мен эксплуатациялау ұзақтығына әсер етпейтін ақаулар.

Үш пышақты кесу машиналарының елеулі инерциялық жүктемелер топтама тасымалдауыш механизмінде орын алады, әсіресе оның қозғалуының үдеуі және тежелуі кезінде. Топтама тасымалдауыштың тежелуі кезінде алдын-ала қысым мөлшері жеткіліксіз болса, ондағы блок топтамалары инерция күштерінің әсерінен артқы тіректен алға қарай және бір-біріне қатысты ығысуы мүмкін. 4-суретте алдын-ала қысудың тежеу кезіндегі мөлшерінің есепті схемасы көрсетілген [5].



5 Сурет – Алдын-ала қысудың тежеу кезіндегі мөлшерінің есепті схемасы

Мұнда ең үстіңгі блоктың жәйі мәз емес, себебі оны инерция әсерінен ығысудан тек алдын-ала қысу үшін ғана ұстап тұрады. Ал астыңғы блоктарға алдын-ала қысу күшіне қоса үстіңгі блоктың салмағы қосылады. Сондықтан үстіңгі блок астыңғыларға қарағанда көбірек ығысады. Блок топтамасын алдын-ала қысып тұру үшін (N) анықтау үшін инерция күші (J) топтаманың ығысу кезіндегі үйкеліс күшінен кем болуы ескерілу керек.

$$J \leq T_1 + T_2, \quad (2)$$

мұндағы, T_1 – қысқыш пен бірінші блок арасындағы үйкеліс күші;
T_2 – үстіңгі және астыңғы блок арасындағы үйкеліс күші.

$$T_1 = N \times f_1; \qquad T_2 = (G_1 + N) f_2, \quad (3)$$

мұндағы, f_1 – қысқыш материалымен қағаз аралығындағы үйкеліс коэффициенті;
f_2 – екі блок арасындағы (қағаз бен қағаз арасындағы) үйкеліс коэффициенті;
G – үстіңгі блок салмағы (мөлшерішамалы болғандықтан есептеу нәтижесіне айтарлықтай әсер етпеуіне байланысты ескермеуге де болады).

$$J = N \times f_1 + N \times f_2; \quad (4)$$

Артықтық коэффициентін (Ка ≈1,5) есепке алсақ

$$N = \frac{J + K_a}{f_1 + f_2} = \frac{1.5J}{f_1 + f_2}; \quad (5)$$

Егер, топтама бергіштің тоқтауға дейінгі тежеу жолы L болса, пайда болатын инерция күші

$$J = \frac{GV^2}{2gL} = \frac{G_{\Delta}V}{\Delta tg}; \quad (6)$$

мұндағы, G – блок топтамасының салмағы;
V – топтама бергіштің қозғалу жылдамдығы;
ΔV – топтама бергіш жылдамдығының ауытқуы;
Δt – топтама бергіш жылдамдығының өзгеру ауытқуы;
g – салмақ күшінің үдеуі (ускорение силы тяжести).

Осыдан келіп топтаманы алдын-ала қысу күші (7) формулада анықталған.

$$N = \frac{GV^2K_a}{2g\times L(f_1+f_2)} \quad (7)$$

1.5 Машинаның механизмін жөндеу

Жөндеу жұмыстырын жүргізуге дайындалудың басты шарты бұл, жөндеудің тәсілдері мен технологиясын қабылдау. Жөндеу жұмысын жүргізудің негізгі тәсілдері бұл, орталықтандырылған, орталықтандырылмаған және аралас тәсіл. Бірінші тәсілде жөндеу жұмыстары бір ортаға шоғырландырылған жөндеу базасында орындалады. Бұл кезде жөнделінуші жабдық жөндеу жұмыстарын орындайтын орталық жөндеу базасына жеткізіледі. Бұл әдісті кіші өлшемдегі аппараттар мен машиналар үшін қолдануға болады. Сол себепті жиі қолданылмайды, өйткені жөндеу базаларының жеткілікті дәрежеде жасақталуын және жабдықтардың резервтік қорының болуын талап етеді. Жөндеудің орталықтандырылмаған әдісі барысында, оын жабдықты бөлшектемей-ақ цехтің арнайы жөндеуші персоналдарының көмегімен орындайды. Бұл әдістің кемшілігі сонда, жөндеу кезінде жабдықтың ұзақ уақыт жөндеуде тұру және де жөндеу жұмыстарының сапасының төмен болуы. Осыған орай әдісті конструкциясы күрделі емес машиналарды жөндеу үшін және жөндеу жұмыстарының көлемі аз жағдайларда қолданады. Жөндеудің араласқан түрі кезінде, жабдықтың қалпына келтірілуі бойынша орындалатын операциялардың бірқатары орталықты жөндеу базасында және де бірқатары тікелей жабдық орнатылған цехтарда орындалады. Бұл әдісі бір шама кең таралған жөндеу әдісі болып табылады, себебі бұл кез нақты жағдайды ескере отырып жөндеудің икемді әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Іс-тәжрибеде келесі жөндеу әдістерін қолданады: бөлшекті, түйінді, дәйекті-түйінді, агрегатты. Бөлшекті жөндеу әдісінде, машинаның жөнделуге берілген бөлшектері мен түйіндерінің, ақауларын анықтаудың нәтижесінде бұрынғы күйіне сай қалпына келтіреді және де жаңа

бөлшекпен алмастырады. Қарастырылып отырған әдістің елеулі кемшілігі бұл, жабдықтың жөндеуде ұзақ мерзімдет тұруы; жөндеудің жоғарғы өзіндік құндылығы; жұмысшылардың жоғары квалификациясының қажетті; бөлшекті дайындау мен қалпына келтірудің қазіргі таңдағы технологияларын қолданудың қиындығының пайда болуы. Әдіс көбінесе кәсіпорындағы аз мөлшердегі жабдықтар үшін қолданымды.Түйінді әдіс, жөндеу қорындағы жаңа түйінмен жарамсыз түйінді алмастыруды қарастырады. Бөлшектенген түйін қалпына келтіріліп қоймада сақтауға жөнелтеді. Егерде кәсіпорында типтес жабдықтар саны көп болса, бұл әдіс кең қолданылады. Бұл жөндеу әдісі жабдықтың жөндеуде тұру уақытын елеулі қысқартуға мүмкіндік береді [6].

1.6 Машинаның механизмін жөндеудің есептері

1 Фрезерлік операция:

Өткізу саны *i*=2.

Шекті өлшемдер: *d*=50 мм, l=62, *Ra*=6,3 мкм, дәлдік квалитеті 12.

Кесу тереңдігі $t = \frac{\text{әдіп}}{i} = \frac{64-62}{2} = 1\text{мм}$

Беріс айналымын есептеу формуласы (8):

$$S_z = Sz_T \cdot K_{Sz} \quad (8)$$

мұндағы, Sz_T – берістің кестелік мағынасы, мм/айн.

Фрезерлеу схемасының шифр коэффициенті табу формуласы (9):

$$K_{Sz} = K_{Szc} \cdot K_{Szи} \cdot K_{SzR} \cdot K_{SzФ} \quad (9)$$

мұндағы, K_{Szc} – фрезерлеу схемасының шифр коэффициенті;

$K_{Sи}$ – құрал материалының коэффициенті;

K_{SzR} – дәлдік бетінің кедір-бұдырлық коэффициенті;

$K_{SzФ}$ – өңдеу бетінің формалық коэффициенті.

Sz_T = 0,14 мм/айн;
K_{Szc} = 1;
$K_{Sи}$ = 0,85;
K_{SzR} = 1,3;
$K_{SzФ}$ = 1,0.

$$S_z = 0{,}14 \times 1 \times 0{,}85 \times 1{,}3 \times 1{,}0 = 0{,}036 \text{ мм};$$

Кесу жылдамдығының формуласы (10):

$$\upsilon = \upsilon_т \cdot К_\upsilon \quad (10)$$

мұндағы, $\upsilon_т$ – кесу жылдамдығының кестелік мағынасы, м/мин.

Кесу жылдамдығы коэффициентінің формуласы (11):

$$К_\upsilon = К_{\upsilon м} \cdot К_{\upsilon и} \cdot К_{\upsilon п} \cdot К_{\upsilon ф} \cdot К_{\upsilon о} \cdot К_{\upsilon В} \cdot К_{\upsilon \varphi} \quad (11)$$

$\upsilon_т$ = 164 м/мин;
$К_{\upsilon м}$ = 1; $К_{\upsilon и}$ = 1; $К_{\upsilon п}$ = 1; $К_{\upsilon ф}$ = 0,7; $К_{\upsilon о}$ = 1,2; $К_{\upsilon В}$ = 1; $К_{\upsilon \varphi}$ = 1,1.

υ= 164×0,1×1×1×0,7×1,2×1×1,1=151,536 м/мин.

Шпиндельдің айналу жиілігінің формуласы (12):

$$n = 1000 \cdot V(\pi \cdot D) \quad (12)$$

n = 1000×151,536/(3,14×50) = 965 айн/мин
$S_м = S_z \times n$ = 0,036×965=34,74 мм/мин

2) Токарлық операция:
Өткізу саны *i*=1.
Шекті өлшемдер: *d*=50 мм, *L*=4 мм, *Ra*=12,5 мкм, дәлдік квалитеті 12.

Кесу тереңдігі: $t = \frac{\text{әдіп}}{i} = \frac{\frac{54-50}{2}}{1} = 2$мм.
Берістің формуласы (13):

$$S_о = S_{О_Т} \cdot K_{S_О} \quad (13)$$

мұндағы, $S_{от}$ = 0,87 мм/айн

$$K_{S_О} = K_{S_П} \cdot K_{S_И} \cdot K_{S_ф} \cdot K_{S_З} \cdot K_{S_Ж} \cdot K_{S_М} \quad (14)$$

$S_о$ = 0,87 × 1,0 × 1,0 × 0,8 × 0,85 × 0,62 × 1,07 = 0,4 мм/айн

Кесу жылдамдығының формуласы (15):

$$\upsilon = V_Т \cdot K_V \quad (15)$$

$V_Т$ = 192 м/мин; υ = 82 м/мин

Шпиндельдің айналу жиілігінің формуласы (16):

$$n = \frac{1000 \cdot V}{\pi \cdot D} \quad (16)$$

$$n = \frac{1000 \times 82}{3{,}14 \times 50} = 522 \text{ айн/мин}$$

$n = n_Д = 530$ об/мин

$V = \frac{3{,}14 \times 50 \times 530}{1000} = 83{,}21$ м/мин

Машиналық берістің формуласы (17)

$$S_М = S_О \cdot n_Д \quad (17)$$

$S_М = 0{,}4 \times 530 = 212$ мм/мин

Негізгі уақыттың формуласы (18):

$$T_о = \frac{L_{рез} + y}{S_o \times n} i \quad (18)$$

$$T_о = \frac{4+7}{0{,}4 \times 522} 1 = 0{,}053$$

мұндағы, $L_{рез}$– кесу ұзындығы; y- соққы және қондыру саны.

3) Тісті фрезерлік операция:
Өткізу саны i=1.

Кесу тереңдігі: $t = \frac{\text{әдіп}}{i} = \frac{1{,}7}{1} = 1{,}7$мм

Беріс айналымын есептеу (1):
$S_{zt} = 0{,}15$ мм/тіс
$S_z = 0{,}15 \times 1{,}0 \times 1{,}0 \times 0{,}5 \times 0{,}57 = 0{,}04$ мм

Кесу жылдамдығын есептеу:
$\upsilon_т = 52$ м/мин;
$\upsilon = 52 \times 1 \times 1 \times 1 \times 1 \times 1 \times 1 = 52$ м/мин

Шпиндельдің айналу жиілігін есептеу :

n = 1000 × 52/(3,14 × 73,54) = 225 айн/мин
$S_м = S_z \times n \times z = 0{,}04 \times 225{,}19 \times 14 = 126$ мм/мин

4) Токарлық операция:
Өткізу саны *i*=1.
Шекті өлшемдер: *d*=35 мм, *L*=62 мм, *Ra*=3,2 мкм, дәлдік квалитеті.

Кесу тереңдігі: $t = \frac{4}{1} = 2$ мм.

$S_{от} = 0{,}26$ мм/айн

$S_о = 0{,}26 \times 1{,}0 \times 1{,}0 \times 0{,}7 \times 0{,}85 \times 0{,}62 \times 1{,}07 = 0{,}10$ мм/айн

Кесу жылдамдығын есептеу:

$\upsilon_т = 192$ м/мин.

$\upsilon = 192 \times 1{,}1 \times 0{,}8 \times 0{,}81 \times 0{,}6 \times 1{,}0 \times 1{,}0 \times 1{,}0 = 82$ м/мин

Шпиндельдің айналу жиілігі есептеу:

$$n = \frac{1000 \times 82}{3{,}14 \times 31} = 842{,}41 \text{айн/мин.}$$

$n = n_Д = 850$ айн/мин; $S_М = 0{,}1 \times 850 = 85$ мм/мин

